

«Аяла» санаторлық бөбекжайы»КММ-сі

«Қарлығаш» ересек жас тобы

**Ата-аналар
жиналысының
хаттамасы
№ 2**

2024-2025 оқу жылы

Ата- аналар жиналысы.

Хаттама № 2.

15.12.2024 жыл.

Жалпы ата-аналар саны: 22.

Қатысқандар саны: 12.

Себептілер саны: 6.

Себепсіздер саны: 4.

Ата-аналар жиналысының тақырыбы: «Мен бала болғанда»

Күн тәртібі:

1. «Шеңберде» сәлемдесу.
2. «STOP-қимылды» ойыны шеңбер бойында.
3. «Суреттер сөйлейді» тренигі дөңгелек стөлде командамен.
4. Алдағы жаңа жыл мерекесі жайында.
5. Тілектер ағашы.
6. Ағымдағы сұрақтар.

Тыңдалды:

Бірінші, екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Саурова Айгүл сөз алып, ата-аналарды шеңбер бойына шақырып, «Мне бала болғанда» атты тақырып бойынша ойындар ұйымдастырып, ойын ережесімен таныстырып, өздері бала болғанда қалай ойнайтындарын көрсетулерін сұранды және бірге ойнады.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Джулдасбекова Ләззат сөз алып, ата-аналарға қобдишадан бір тәтті алуларын ұсынды, тәттінің түсіе қарай топтасып, орындықтағы сол түстес гүлге жайғасуларын сұранды, үстел үстінде бейнеленген суреттер барын және сол суреттерден тақпақтар шығатынын, жанында ақ парақпен қаламсап барын айтып, осы

миниматехниканы қолдану арқылы балаларыңызбен үйде де жұмыс жасаулары болатыны жайлы хабардар етіп, «Суреттер сөйлейді» атты дөңгелек стөлі тренингін өткізді.

Төртінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі Каратаева Айжан сөз алып, алдымызда жаңа-жылдық мерекесі келе жатқаны, жаңа-жылды балалар асыға күтіп, аяз атадан сыйлықтар алатындары жайлы, бір-бірімен жарыса тақпақтар жаттап, өлеңдер айтып, жаңа жылдық мерекеге ұлдардың және қыз балалардың киімдерін дайындауларын, сыйлықтарын шағын өздеріне қолайлы етіп жасауларын сұранды. Құрыметті ата-аналар, жаңа жылдық мерекеміз желтоқсан айының 27 жұлдызы күні сағат 11-00 де болатынын хабардар етемін. Желтоқсан айының 30-31 жұлдызы жұмыс күні екенінде атап өтті. Жаңа жылға түрлі ойыншықтардың орнына балаларға тиімді үйде тыныш ойындар ретінде кәзіргі заманаой ойыншықтардың ішіде сусымалы құм ойындары бар, сол ойыншықтарды балаларыңызға алып берсеңіздер балаың қол ұсақматорикасы және сөздік қорынада пайдасы бар екені жайында ұсыныс білдірді.

Бесінші, алтыншы мәселе бойынша тәрбиеші Саурова Айгүл сөз алып, ата-аналарға түрлі- түсті пішіндегі қағаздарды таратып беріп, топқа, балабақшамызға тілектерін жазып тілек ағашына ілуге ұсыныс жасады. Балалардың оқу іс-әрекеттеріне үлгерімдері жайлы, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.



Шешімі:

Ата-аналар жиналысында төртінші мәселе бойынша.

Жаңа-жыл мерекесіне балалардың мерекелік киімдері, Аяз атаның қоржынына және балалардың мерекелік сыйлықтары дайындалсын.

